

**6D073000 – «Құрылым материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Металл қалдықтарынан дайындаған арматураларды қолдана отырып темірбетон
бұйымдарын дайындау технологиясын жобалау» тақырыбындағы**

**Есиркепова Айым Бақытбековнаның
докторлық диссертациясына реесми рецензенттің жазбаша**

ПІКІРІ

p/n №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Реесми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту куніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландыратын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі);</p> <p>2) Диссертация баска мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Казақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Қазіргі заманғы құрылым саласының маңызды міндеттерінің бірі шикізат және отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретін өнеркәсіптік-өндірістік қалдықтар мен жергілікті табиғи материалдарды кеңінен қолдануды көздейтін ресурс үнемдейтін технологияларды әзірлеу және енгізу болып табылатындығы белгілі. Осы түрғыдан қарағанда диссертациялық жұмыста өте өзекті мәселенің шешімі табылған.</p> <p>Диссертацияның тақырыбы «Құрылым материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру» ғылымының даму бағыттарына толығымен сәйкес келеді және оның өркендеуіне елеулі үлес косып отыр.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін косады/коспайды , ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған .	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға, атап айтқанда «Құрылым материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру» ғылыми саласына елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы толық ашып көрсетілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми зерттеуі арматураларын өлшембейтін кесінді қалдықтарынан жасалған өзекшелерді және техногенді</p>

			қалдықтарды (үшпа-күл) пайдалану аркылы темірбетон бұйымдарын өндірудің кешенді технологиясын жаратып, осы салада жаңа бір ғылыми бағыт ашып отыр.
3.	Озін жазу принципі	Озі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары;</u> 2) оргаша; 3) тәмен; 4) өзі жазбаған	Автор ғылыми жұмысты өз бетінше дербес орындаған және оның деңгейін жоғары деп есептеймін. Докторант өндірістік шикізаттардың қалдықтарын кешенді қолдануға мүмкіндік беретін, темірбетон бұйымдарын өндірудің жаңа технологиясын жарату бойынша жеткілікті деңгейде тәжірибелік және сынақ зерттеу жұмыстарын орындаған. Алынған нәтижелер норматив құжаттарда берілгендермен және компьютерлік моделдеу нәтижелерімен салыстыра отырып негізделген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды: 1) <u>айқындауды;</u> 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды.	Диссертацияның зерттеу өзектілігі негізделіп, терең талдау жасалған. Өндіріс қалдықтарын пайдаға жаратуды кеңейтудің қаншалықты қажет және тиімді екендігі ашып көрсетілген. Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толығымен айқындауды. Автордың алған теориялық және практикалық нәтижелері біртұтас тұтастық болып табылады.
		4.3 Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың максаттары мен міндеттері диссертацияның тақырыбы мен тиісті тарауларына сәйкес келеді.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы, тұжырымдар мен ережелер, А. Б. Есиркепованың жүргізген зерттеулерінің бәрі бір-бірімен толық логикалық түрде байланысқан.

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген. 	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденген және бұрыннан белгілі шешімдермен негізделген. Автор диссертацияның әр бөлімінде бұрын жүргізілген зерттеулөрдің нәтижелеріне сүйене отырып, нәтижелерін сынни тұрғыда талдаған және диссертацияда баяндалған зерттеу бағыттары бойынша аналитикалық, компьютерлік және эксперименттік шешімдердің әдіснамасын негіздеген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). 	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Докторант тарарапынан бірінші болып өндірістік шикізаттардың қалдықтарын кешенді қолдану негізінде темірбетон бүйімдарын өндірудің жаңа технологиясы жан-жақты зерттеліп ұсынылып отыр.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). 	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Техногенді қалдық қосылған арнайы бетон қоспасы мен алғаш рет арматураның өлшенбейтін кесінділерінен жасалған брустық мандайшаның кеңістік қаңқасының арнайы конструкциясы жасалған. Алынған нәтижелердің жаңашылдығы олардың Scopus және Clarivate Analytics базаларына енетін рейтингтері жоғары халықаралық базалымдарда жариялануымен, сондай-ақ, КР патенттерінің алғануымен дәлелденеді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). 	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Зерттеу нәтижелері республикалық және халықаралық конференцияларда, шетел және КР жоғарғы оку орындарының ғылыми семинарларында, отандық құрылыш мекемелерінің техникалық кеңес отырыстарында кең аprobациялануымен, сондай-ақ, КР патенттері және зияткерлік мешітк объектісіне авторлық құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерімен расталады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде	Диссертацияда қол жеткізілген ғылыми нәтижелер мен қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелермен негізделген және

		<u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	олардың сенімділігі заманауи ғылыми зерттеу әдістерімен, сондай-ақ компьютерлік моделдеумен қамтамасыз етілген.
7.	Қорғауга шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) <u>жок.</u> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия;</u> 2) жок. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен.</u> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия;</u> 2) жок. 	<p>Қорғау үшін келесі қағидаттар шығарылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұшпа-кул қосылған бетон қоспасының жаңа құрамы мен арматураның өлшенбейтін кесінділерінен тұратын брустық мандашаның кеңістік қаңқасының конструкциясын жасау технологиясы. <p>Қағидат толығымен дәлелденген. Ұшпа-кул қосылған арнайы бетон қоспасы дайындалған және сынақтан өткізілген, сондай-ақ оған КР патенті алынған.</p> <p>Арматураның өлшенбейтін кесінділерінен құрастырылған брустық мандашаның кеңістік қаңқасының конструкциясы жобаланып, оның тәжірибелік үлгісі даярланған және нормативтік талаптар бойынша сынақтан өткізілген. Оның конструкциясына КР патенті алынған.</p> <p>2. Бетонның беріктігін бағалау үшін математикалық тәуелділік.</p> <p>Тәжірибелік жоспарлау тәсілімен бетонның беріктігін бағалау үшін математикалық тәуелділік ұсынылған:</p> $R_{сж}(x,y,z) = 37,586164601763 \cdot x + 31,689571020189 \cdot y + 16,828267035537 \cdot z.$ <p>Қағидат тәжірибелік зерттеулердің нәтижелерін салыстыру арқылы дәлелденген, тривиалды емес, жаңа болып табылады, қолдану деңгейі кең және Scopus базасына енетін халықаралық басылымда, сондай-ақ, КР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапанды қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланып дәлелденген.</p> <p>3. Арматураның өлшенбейтін кесінділерін үйкеліспен дәнекерлеу арқылы біріктіру тәсілі және оны іске асыруға арналған құрылғының конструкциясы.</p> <p>Қағидат толығымен дәлелдейген. Құрылғының конструкциясына КР патенті алынған. Тәжірибелік үлгісі даярланған және оны қолдану арқылы үйкеліспен дәнекерлеу процесі</p>

			<p>зерттелген. Қағидат тривиалды емес, жаңа болып табылады, қолдану деңгейі кең және КР Ғылым және жогары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған.</p> <p>4. Үйкеліспен дәнекерлеу және түйістіріп дәнекерлеу әдісімен біріктірілген арматуранның өлшенбейтін кесінділерін эксперименттік зерттеу нәтижелері. Қағидат толығымен дәлелденген.</p> <p>Алынған нәтижелер тривиалды емес, жаңа болып табылады, қолдану деңгейі кең және Scopus базасына енетін халықаралық басылымдарда, сондай-ақ, КР Ғылым және жогары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланып дәлелденген. Сондай-ақ, үйкеліспен дәнекерлеу және түйістіріп дәнекерлеу әдісімен біріктірілген үлгілер Қарағанды техникалық университетінің сертификатталған Инженерлік бейінді зертханасында және «Ұлттық сараптама және сертификаттау» АҚ (Қарағанды қ., Қазақстан) сынақ орталығында сынақтардан өткізіліп, олардың МЕСТ бойынша нормативтік талаптарға толығымен жауап беретіндігі анықталған.</p> <p>5. Solidworks және ABAQUS CAE компьютерлік бағдарламаларын колдана отырып, дәнекерленген арматуралық өзекшелердің беріктігін және брустық маңдайшаның конструкциясын модельдеу және зерттеу әдістері.</p> <p>Қағидат толығымен дәлелденген, тривиалды емес, жаңа болып табылады, қолдану деңгейі кең және Scopus базасына енетін халықаралық басылымдарда, сондай-ақ, КР Ғылым және жогары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланып дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама накты жазылған 1) <u>иia</u> ; 2) жок.	Зерттеу әдістемесі негізделген және міндеттерге сәйкес келеді.

	ақпараттың дәйектілігі	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иia;</u> 2) жок.</p>	<p>- Solidworks компьютерлік бағдарламасының көмегімен жүктемелерге байланысты беріктік шегін анықтай отырып, дәнекерленген арматуралық өзекшелердің үлгілерін статикалық созуға сынау процесі модельденген;</p> <p>- ABAQUS CAE компьютерлік бағдарламасының көмегімен әртүрлі жүктемелер кезінде арматураның өлшенбейтін кесінділерінен жасалған арнайы қаңқасы бар брустық майдайшаның майысызы зерттелген.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занымалықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иia;</u> 2) жок.</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занымалықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u>/ ішінара расталған / расталмаган</p>	<p>Барлық маңызды мәлімдемелер диссертациялық жұмыста 125 нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз</p>	<p>Автор отандық және шетелдік ғылыми жариялымдарға сілтемелер жасаған, жалпы әдебиеттер көзі әдеби шолу үшін жеткілікті.</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>иia;</u> 2) жок.</p>	<p>Теориялық тұжырымдар эксперименттік зерттеулермен, компьютерлік модельдеумен расталады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иia;</u> 2) жок.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері «Қарағандықұрлысықонструкция» ЖШС өндірісіне, сондай-ақ «Құрлыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру» және «Құрлыс» мамандықтары бойынша бакалаврларды, магистрларды</p>

			дайындауда А.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің оқу үрдісіне енгізілген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жана; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Практикалық ұсыныстар толықтай жаңа болып табылады. «Қарағандықұрылышконструкция» ЖШС өндірісіне және оқу үрдісіне енгізілген.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары және безендіру, рәсімдеу бойынша ескертулер жок.

Есиркепова Айым Бақытбековнаның 6D073000 – «Құрылым материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Металл қалдықтарынан дайындаған арматураларды колдана отырып темірбетон бұйымдарын дайындау технологиясын жобалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзектілігі, нәтижелердің жаңалығы, олардың көлемі, нәтижелердің дұрыстығы мен олардың практикалық пайдалылығы бойынша аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертация құрылымы мен мазмұны бойынша КР ЕжБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелер беру қағидаларының» қойылған талаптарына сай келеді, оның авторы Есиркепова Айым Бақытбековна философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайыкты.

Ресми рецензент:

техника ғылымдарының кандидаты, «Сейсмология институты» ЖШС «Фимараттар мен құрылыштардың сейсмотұрақтылығы» зертханасының аға ғылыми қызметкері



Сартаев Д.Т.

15.05.2023